

«Қостанай таңы» №61 (18270) 5 маусым 2015ж.

Торғай тобыл тынысы

Өзекті мәселелер талқыланды

Облыста. ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Ғылым жастар көзімен» атты халықаралық ғылыми – теориялық конференция өтті. Жиында республикамыздағы ІІМ қарасты ведомстволық және Ресей оқу орындарының жас ғалымдары «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты аясында мемлекетіміздің әлеуметтік – экономикалық дамуы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің психологиялық – педагогикалық және даярлығы туралы мәселелерді талқылады.